

Апробациядан өтетін авторлық бағдарламалар

2021-2022 оқу жылында гимназия компоненті бойынша мектепшілік апробациядан өткен 7 авторлық бағдарлама № 67 гимназияның 27.08.2021 ж. № 1 Педагогикалық кеңес хаттамасы негізінде 2022-2023 оқу жылында 2022 жылғы қыркүйек, 2023 жылғы қаңтар айларында Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК қалалық Сараптама кеңесіне ұсынылды. 2023 жылғы 24 наурыз күні өткен қалалық Сараптама кеңесі отырысының № 2 хаттамасына, 2023 жылғы 22 желтоқсан күні өткен қалалық Сараптама кеңесі отырысының № 4 хаттамасына сәйкес қала көлемінде таратуға 7 жұмыс ұсынылса, Эксперттік кеңестің келесі отырысына дейін толықтыруға 1 жұмыс қалдырылды. 27.08.2022 ж. №1 Педагогикалық кеңес хаттамасы негізінде **2022-2023 оқу жылында** оқу мен оқытудағы мектепшілік апробациядан өтетін авторлық бағдарламалар саны – 12 жұмыс, оның біреуі қала көлемінде таратуға жарамды деп танылды. 28.08.2023 ж. №1 және 04.01.2024 ж. № 3 Педагогикалық кеңес хаттамалары негізінде **2023-2024 оқу жылында** оқу мен оқытудағы мектепшілік апробациядан өтетін авторлық бағдарламалар саны – 19 жұмыс. Соңғы үш оқу жылындағы жалпы жиынтығы 38 жұмыстың 30-ы алдағы уақытта жылына төрт рет қабылданатын Сараптама кеңесіне ұсынылатын болады.

2021-2022 оқу жылында гимназия компоненті бойынша мектепшілік апробациядан өткен 7 **авторлық бағдарлама** 2022-2023 оқу жылында 2022 жылғы қыркүйек, 2023 жылғы қаңтар айларында Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Қалалық Сараптама кеңесіне ұсынылды. Олар: **А.Сериккалиева, Р.Егембердиева** авторлығымен 2-3-сыныптарға арналған «Тілдік бірліктер» оқу-әдістемелік кешені; **А.Шотпаева, Ш.Елемесова** авторлығымен 1-сыныптарға арналған «Көркем оқу»; **А.Валеева, Қ.Қайсарова** авторлығымен 2-4-сыныптарға арналған «Оқу сауаттылығы» оқу-әдістемелік кешені, **А.Хамзина** авторлығымен 1-2-сыныптарға арналған «Мен зерттеушімін» (2-сынып); **Г.Имашева, Б.Жанпаркулова** авторлығымен 1-сыныптарға арналған «Жылдам оқу» Шульте әдісі; **Г.Бектемирова, А.Мухаметалиқызы** авторлығымен 4-сыныптарға арналған «Мәтіндік жаттығулар», **А.Калиева** авторлығымен 4-сыныптарға арналған «Музыкалық жаңылтпаштар» (тіл жаттықтыру бағдарламасы) Астана қаласы әкімдігінің «Ілияс Есенберлин атындағы № 67 гимназия» ШЖҚ МКК-ның 2021 жылғы 27 тамыздағы № 1 Педагогикалық кеңесінің хаттамасымен апробацияға ұсынылған болатын. Ал Астана қаласы әкімдігінің «Ілияс Есенберлин атындағы № 67 гимназия» ШЖҚ МКК-ның 2022 жылғы 27 тамыздағы № 1 Педагогикалық кеңесінің хаттамасымен **2022-2023 оқу жылына** 12 авторлық бағдарлама апробацияға ұсынылды. Олар: **Ж.У.Жалмурзинаның** авторлығымен «Работа с текстом как средство совершенствования читательской грамотности» 10-сыныпқа арналған таңдау курсының бағдарламасы, **А.К.Айкулованың** авторлығымен «Экологиялық этика» 10-сыныпқа арналған таңдау курсының бағдарламасы, **Л.У.Байкушикованың** авторлығымен «Сынып аралық тәлімгерлік» (10-

сыныптың 6 сынып арасындағы тьюторлық. Түрі: 10-6 сынып оқушыларына арналған *элективті курс бағдарламасы*), **Д.Т.Сағындықованың** авторлығымен «Әдебиет және қазақ тілі сабақтарында функционалды сауаттылықты дамытатын тапсырмалар жинағы» 5 сынып оқушыларына арналған *факультативті курс*. Түрі: *әдістемелік құрал*; **А.С.Ермагамбетова, Б.М.Кабулова** авторлығымен «Активно-продуктивные технологии для повышения понимания содержания текстов на уроках русского языка и литературы» 5-сынып оқушыларына арналған *факультативті курсы*, **Г.Г.Бейсенбаева, К.Б.Еримбетова** авторлығымен «Тіл дыбыстарын дұрыс айтуға керекті сөйлеу мүшелерінің қозғалыстарын жетілдіру негіздері». Түрі: *әдістемелік құрал*, 1 сынып мұғалімдеріне арналған; **Л.К.Смагулова, А.С.Сахабова** авторлығымен «Көркем жазу» 1-4 сынып оқушыларына арналған *факультативті курс*. Түрі: *әдістемелік құрал*; **С.Ж.Смагулованың** авторлығымен «Ұстаздар оқу клубы» мұғалімдерге арналған *әдістемелік құралы*, **Д.Ж.Сыздықованың** авторлығымен «Оқушылардың оқылым дағдыларын қалыптастыру және дамыту тапсырмалары» (6-7 сынып оқушыларына арналған *авторлық элективті курс бағдарламасы*) 1. Бағдарлама. 2. ҚМЖ. 3. Жұмыс дәптері; **С.Н.Ілияс, А.Ж.Исмагулова** авторлығымен «Балалардың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жұмыс түрлері» 1-сынып оқушыларына арналған *факультативтік курсы*, **А.Т.Кабдулованың** авторлығымен «Қазақ әдебиетін «Жүйелілік тұғыр» әдісі арқылы оқыту» 7-сыныпқа арналған *әдістемелік құралы*, **Г.Б.Оналбаеваның** авторлығымен «Музыка пәнін оқытудағы инновациялық әдістер». Түрі: 2-4 сыныптың *музыка сабағына арналған әдістемелік құралы*. Бұл жұмыстар 2023-2024 оқу жылында 2023 жылғы қыркүйектен бастап, 2024-2025 жылдары қалалық Сараптама кеңесіне ұсынылады.

2021-2022 оқу жылында гимназия компоненті бойынша апробациядан өткен 7 авторлық бағдарламаның 6-ауы 2022-2023 оқу жылында Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Қалалық Сараптама кеңесіне 2022 жылғы қыркүйек айында ұсынылып өтпегенімен, 2023 жылғы қаңтар айында толықтырылып қайта ұсынылды. **Г.Бектемирова, А.Мухаметалиқызы** авторлығымен 4-сыныптарға арналған «Мәтіндік жаттығулар» авторлық бағдарламасы екі кезеңге де дайын болмауына байланысты ұсынылмады. Сонымен қоса, 2022-2023 оқу жылында апробациядағы **А.К.Айкулованың** авторлығымен «Экологиялық этика» 10-сыныпқа арналған *таңдау курсының бағдарламасы*, **Т.К.Бекеева, К.Х.Жакупова** авторлығымен «Жаттығулар парағы» 4-сыныпқа арналған *оқу-әдістемелік кешені*, **Л.У.Байкушиқованың** авторлығымен «Сынып аралық тәлімгерлік» (10-сыныптың 6 сынып арасындағы *тьюторлық*. Түрі: 10-6 сынып оқушыларына арналған *элективті курс бағдарламасы*) авторлық жұмыстары жолданды. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, арнайы, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің инновациялық-педагогикалық жұмыстарын қарастыру бойынша қалалық оқу-әдістемелік Сараптамалық кеңес отырысының 2023 жылғы 24 наурыздағы № 2

хаттамасына сәйкес Ілияс Есенберлин атындағы № 67 гимназия атынан жолданған 9 жұмыстан:

✓ *Республика деңгейінде қарастыруға ұсынылған жұмыстар – 1:*

- Байкушикова Л.У. «Сынып аралық тәлімгерлік» 10-6 сынып арасындағы тьюторлық оқу-әдістемелік кешені.

✓ *Қала көлемінде таратуға ұсынылған жұмыстар – 5:*

- Бекеева Т.К., Жакупова К.Х. «Жаттығулар парағы» 4-сыныпқа арналған оқу-әдістемелік кешен;
- Егембердиева Р.Ш., Сериккалиева А.Т. «Тілдік бірліктер» таңдау курсының бағдарламасы;
- Валеева А.О. «Оқу сауаттылығы» 4-сынып оқушыларына арналған қолданбалы курс;
- Жапаркулова Б.А., Имашева Г.Д. «Жылдам оқу және қазақша Шульте әдісі» кешенді қолданбалы курс бағдарламасы;
- Берекетова Г.К. «Бірге оқимыз – бірге шешеміз».

✓ *Эксперттік кеңестің келесі отырысына дейін толықтыруға ұсынылған жұмыстар – 1:*

- Калиева А.У. «Музыка балалар әлемінде» 1-4 сынып оқушыларына арналған қолданбалы курс бағдарламасы.

Өтпей қалған жұмыстар – 3:

- Елемесова Ш.М., Шотпаева А.К. «Көркем оқу» бастауыш сыныпқа арналған факультативтік курсы;
- Хамзина А.Р. «Мен зерттеушімін» 2-сынып оқушыларына арналған оқу-әдістемелік кешені;
- Айкулова А.К. «Экологиялық этика» 10-сыныпқа арналған таңдау курсының бағдарламасы.

2023-2024 оқу жылында Астана қаласы әкімдігінің «Ілияс Есенберлин атындағы № 67 гимназия» ШЖҚ МКК-ның 2023 жылғы 28 тамыздағы № 1 Педагогикалық кеңесінің хаттамасымен апробацияға 14 жұмыс ұсынылды. Олар: **Г.Б.Оналбаеваның** авторлығымен «Вокалды музыка» кешені, **Б.Х.Турсунованың** авторлығымен «Нейротерапия арқылы баланы дамыту», **С.К.Оразалының** авторлығымен «Smart Book» интерактивті жұмыс дәптері», **З.С.Спаена, М.К.Базарбекованың** авторлығымен «Сторителлинг на уроках русского языка», **Т.К.Бекееваның, К.Х.Жакупованың** авторлығымен 4-сынып

оқушыларына арналған «Жаттығулар парағы», **Г.Г.Бейсенова, К.Б.Еримбетованың** авторлығымен «Сенсорлық интеграция әдісі арқылы тіл кедергісін жою», **А.Ж.Нурмагамбетова, Ш.М.Елемесованың** авторлығымен «Қаржылық сауат әліпбиі» 4-сынып оқушыларына арналған факультатив курсы, **М.М.Толисбаеваның** авторлығымен «Биология пәнінен 9-сынып оқушыларына арналған тапсырмалар жинағы», **Н.К.Кабылова, А.Р.Хамзинаның** авторлығымен «Жиынтық бағалауға арналған (сараланған) тапсырмалар», **А.К.Айкулованың** авторлығымен «Биология пәнінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру», **М.М.Толисбаеваның** авторлығымен «Биология пәнінен білім алушылардың білім беру жетістіктерін мониторингілеу», **Р.К.Молдакулованың** авторлығымен «Физика пәнінен білім алушылардың білім беру жетістіктерін мониторингілеу», **А.Митингітің** авторлығымен «География пәнінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру», **А.Заманбектің** авторлығымен «Химия пәнінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру».

Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, арнайы, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтерінің инновациялық-педагогикалық жұмыстарын қарастыру бойынша қалалық оқу-әдістемелік Сараптамалық кеңес отырысының 2024 жылғы 18 наурыздағы № 1 хаттамасына сәйкес Ілияс Есенберлин атындағы № 67 гимназия атынан жолданған жұмыстардан:

✓ **Қала көлемінде таратуға ұсынылған жұмыстар – 3:**

- Сағындыкова Д.Т. «Әдебиет және қазақ тілі сабақтарында функционалды сауаттылықты дамытатын тапсырмалар жинағы» әдістемелік құрал;
- Оразалы С.К. «Smartbook» ағылшын тілі интерактивті жұмыс дәптері (1-сынып)»;
- Оналбаева Г.Б. «Вокалды музыка» үйірме бағдарламасы.

2023-2024 оқу жылында Астана қаласы әкімдігінің «Ілияс Есенберлин атындағы № 67 гимназия» ШЖҚ МКК-ның 2024 жылғы 04 қаңтардағы № 3 Педагогикалық кеңесінің хаттамасымен апробацияға 5 жұмыс ұсынылды. Олар: **О.К.Миркина, М.М.Толисбаеваның** авторлығымен «Биология сабағындағы сараланған тапсырмалар түрлері» 9 сыныпқа арналған тапсырмалар жинағы, **А.Қайраттың** авторлығымен «Функционалдық сауаттылық негізі – оқу сауаттылығы», **А.С.Жолбасова, А.Заманбектің** авторлығымен «Химия пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған PISA тапсырмалар жинағы», **А.Ормыштың** авторлығымен «Шығармашылық идеяларды іске асыру

үшін нобайлар, техникалық суреттер мен сызбалар орындау»,
Н.С.Амировтың авторлығымен «Математика және техника».

Қала көлемінде таратуға ұсынылған авторлық оқу курстарына алдағы оқу жылдарында гимназия компонентіндегі сағаттардан авторлардың жүктемесіне қосу ұсынылады.

2022 жылғы 31 қазанда «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының ұйымдастыруымен өткен «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының қалалық кезеңіне жеке авторлықтағы 2 жұмыс ұсынылды. Конкурс нәтижесінде II дәрежелі дипломмен Хамзина Ақдидар Рашитовнаның «Мен зерттеушімін» 2-сынып оқушыларына арналған оқу-әдістемелік кешені, қатысқаны үшін сертификатпен Калиева Алтын Урокпаевнаның «Музыка балалар әлемінде» 1-4 сынып оқушыларына арналған қолданбалы курс бағдарламасы марапатталды.

Авторлық жұмыстардың мықты жағы – білім беру үрдісінде тиімді әдістемелік құрал, тұтас оқу курсы болып танылатындығы. **Әлсіз жағы** – авторлардың ғылыми жұмыстардың рәсімделуі, жазу тәртібін жеткілікті деңгейде меңгермегендігі болып отыр. **Мүмкіндіктеріміз** – осы авторлық бағдарламаларды қала көлемінде ғана емес, республика көлемінде таратуға мүмкіндіктің жоғарылығы. **Қауіп-қатер** ретінде «педагог-шебер» санатындағы әріптестердің қала көлемінде таратуға оң мақұлдау алған жұмысының болмауы, мектепшілік кезеңнен кейін қалалық кезеңге жолдау кезінде ұзақ кідіріп, жұмыстың жазылуы тоқтауы. Осыған дейінгі мектепшілік апробациядан өткен жұмыстар қалалық деңгейде қарастыру үшін ұсынуға әзірлеуді бақылауға алу қажет болады деп ұсыныс білдіреміз.